ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 ақпан Іс №1513-24-00-2/178 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.К.Байкадамова отырып,
сот ғимаратында алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Темір аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Кумис Баксиыковна Атраубаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Е.Х.Хаджымұқан

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 желтоқсанда талап қоюшы (тапсырыс беруші) мен жауапкердің (өнім беруші) арасында «бағалы ұсынныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде мемлекеттік сатып алу туралы №468 келісім-шарты жасалған.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес, өнім беруші жалпы сомасы 187 500 теңгеге 50 дана бақылаушы хаб тауарын шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттелген, яғни 2023 жылдың 27 желтоқсанына дейін.

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы
Темір ауданы Шұбарқұдық кенті
«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Темір аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны
Кіріс № 1-5/435
«06» 06 2024 ж.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылғы 29 желтоқсанда енгізілген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 2 625 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Алдын ала сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Алдын ала сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай - АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сот отырысында анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 18.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2024, Сулия Кустанов Р. Б., 28.03.2024

1513-24-3-1/92

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7 бөлімінің 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшының есебі бойынша шарттың орындалмаған жұмыстары үшін тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 28 желтоқсаннан – 2024 жылғы 10 қаңтар аралығында (187 500 теңге х 0,1% х 14 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін 2 625 теңгені құрайды.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 18.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2024, сулья Кустанов Р. Б., 28.03.2024

1513-24-3-1/92

Сот бұл есепті негізсіз деп санайды, өйткені ол шарттың талаптары мен азаматтық заңнаманың талаптарына сәйкес келмейді.

АК-нің 386-бабының 3 тармағына сәйкес, егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Тараптар арасындағы шарттың қолданылу мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталды. Осы мерзімнің аяқталуы тараптардың шарт бойынша міндеттемелерін тоқтатуға әкеп соғады.

Баяндалғанды ескере отырып, жауапкерден шарттың орындалмаған жұмыстары үшін тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 28 желтоқсаннан - 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығында (187 500 теңге х 0,1% х 4 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін 750 теңгені құрайды.

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына 750 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және жергілікті бюджетке 22 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Темір аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Кумис Баксиыковна Атраубаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Кумис Баксиыковна Атраубаевадан талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Темір аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 750 (жеті жүз елу) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 22 (жиырма екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Кумис Баксиыковна Атраубаевадан жергілікті бюджетке 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімшге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төрттінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 18.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2024 Сулья Кустанов Р. Б., 28.03.2024

қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 18.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2024, судья Кустанов Р. Б., 28.03.2024

1513-24-3-1/92